

**"Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды ұйымдастыру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 74 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 2/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 23 қаңтарда № 19918 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының атауын Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласына ауыстыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы № 6 Жарлығының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды ұйымдастыру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 74 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15902 болып тіркелген, 2017 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша анықтауды ұйымдастыру нұсқаулығында:

11-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өңірлік басқармаларының АӘЖ бөлімдері, сондай-ақ "Нұр-Сұлтан", "Алматы" және "Қорғас" шекаралық бақылау жасақтары ай сайын есеп беру кезеңінен кейін, айдың 5-ші күнінен кешіктірмей БШ АӘЖ басқармасына ұсынады:";

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өңірлік басқармалардың АӘЖ бөлімдері, сондай-ақ, "Нұр-Сұлтан", "Алматы" және "Қорғас" шекаралық бақылау жасақтары өндірістеріндегі барлық қылмыстық істер бойынша уақытылы есеп жүргізіп, бақылау жасау үшін:".

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директорына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы*

*К. Масимов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК